

**Сыздықов С. Б., 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Нысанқұлов І.Б., әскері және арнайы тәсілге дайындық кафедрасының бастығы**  
**(ҚР ИІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ӘСКЕРИ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ — ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ СЕНІМДІ КЕПІЛІ**

Елбасымызбен анықталған Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті сенімді қамтамасыз ету үшін жаңа жағдайда өндірісті, бизнесті, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері, тапсырылған құрылымдарды басқару жаңа форматтағы кадрлар дайындауда ең шынайы әрі нақты шешім қабылдау керек екенін талап ететіні сөзсіз.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан мемлекеттік құрылымға, экономикаға, білімге, ғылымға және әскери құрылымға негізгі бағыт бойынша өзгерістер енгізу қажет екені анықталды. Қазақстан халқының басым көпшілігі қоғамның әлеуметтік өзгерістеріне және еліміздің жаңа нарықтық қатынастағы экономикаға, сондай-ақ әскери реформа өткізуге дайын еместігін танытты. Мұндай жағдайдың негізгі себебі әскери білім жүйесінің жеткілікті деңгейде болмауы болып табылады<sup>1</sup>.

Елімізде бейбіт әрі жарқын болашақтың мызғымас кепілдігі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі болып табылатын — Қазақстан Республикасының әскери күш қуатын арттыру қашанда мемлекет тарапынан үлкен қолдау қажет ететіндігі сөзсіз. Қазіргі жаңа ХХІ ғасырда мемлекеттің дүниежүзінің алдыңғы қатарында орын табуы еліміздің алға қойған стратегиялық принципі болып табылады. Шетел мемлекеттерімен әскери ынтымақтастық орнату - бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден бірі шарасы. Әскери ынтымақтастық — ұлттық заңдар мен халықаралық міндеттемелерді (келісімдерді) орындай отырып, тең құқықты және өзара тиімді мүдделер негізінде олардың қауіпсіздіктерін нығайту мүддесінде

ынтымақтастыққа қатысушы мемлекеттер жүзеге асыратын, әскери-саяси, әскери техникалық және әскери — экономикалық салалардағы үйлестірілген шаралар жиынтығы, мемлекеттің халықаралық іс-әрекетінің құрамдас бөлігі. Әскери ынтымақтастық әр елдің ішкі саясаты болып табылады.

Ынтымақтастықты ары қарай дамыту және белсенділігін арттыру, сондай-ақ екі елдің қорғаныс ведомстволарының өзара әрекет етуінің құқықтық негізін құру ұмтылысының дәлелі ретінде бірқатар құжаттарға қол қойылды<sup>2</sup>.

Қазіргі таңда 10 жылдай тарихы бар «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы Қазақстан Республикасының әскери күш қуатын арттыруда белсенді орын алып отыр. «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қорғаныс министрлігінің қорғаныс-өнеркәсібі кешенінің кейбір мәселелері туралы» 2003.13.03. № 244 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын және әскери зауыттарын Компанияның құрамына кіргізу жолымен құрылған. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ «Самырұқ-Қазына» ҰӘҚ кіреді және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басқаруына жатады. Республиканың ең ірі әскери кәсіпорындарының біріңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатын қамтамасыз ететін холдингтік құрылым болып табылады. Компанияның нарықтық басымдықтары: Қазақстан Республикасының күш құрылымдары мен экспорты үшін арнайы мақсаттағы өнімдер мен қызметтер өндірісі; мұнайгаз кешені үшін жабдықтар өндірісі; темір жол кешені үшін жабдықтар өндірісі; ауыл шаруашылығы машиналарын жасау; радиоэлектроника<sup>3</sup>.

«Қазақстан-украин әскери ынтымақтастық 2005 жылғы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы Үкіметаралық Қазақстан-украин келісім және 1997 жылғы Әскери ынтымақтастық жөніндегі Қорғаныс министрліктері арасындағы келісім шеңберінде жүзеге асырылуда», — деді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбеков өзінің 2012 жылдың 12 қарашасында Астана қаласында елімізге ресми іс-сапармен келген украин әскери делегациясы және өзінің әріптесі Украина Қорғаныс министрі Михаил Ежельмен кездесуінде.

Елбасы - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғары Бас қолбасшы Нұрсұлтан Назарбаев басым салалардағы, соның ішінде әскери және әскери-техникалық салаларда септікті қатынастарды дамыту және ынтымақтастықты нығайтуға үлкен көңіл бөледі.

Қазіргі таңда біз Қарулы Күштерімізді сапалық өлшемдерін жақсарту арқылы жетілдіруін жалғастырудамыз. Бұл Қазақстан армиясының келбетін өзгертуге септігін тигізеді.

1 <http://www.egemen.kz/?p=301583>

2 <http://www.ke.kz/index.php?lang=kz>

3 <http://newskaz.kz/politics/20111115/2127498.html>